

Инвестициялау мақсаты

Зейнетақы активтерінің сақталуын және ықтималдығы жоғары деңгейдегі зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекел деңгейі кезінде ұзақ мерзімді келешекте нақты табыс алуды қамтамасыз ету

Портфель параметрлері

Басқарушы: ҚР Ұлттық Банкі

Негізгі валюта: Қазақстан теңгесі

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфель құны – 13 108 492 283 мың теңге

«БЖЗК» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне шолу

Инвестициялық қызмет нәтижесі


Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюта бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 01.01.2021 жылдан бастап 31.01.2021 жылға дейінгі кезеңге есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **178,5 млрд.теңгені** құрады.

2021 жылғы қаңтар айында инфляция 0,60% болғанда зейнетақы активтерінің кірістілігі **1,37 %**-ды құрады. Зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **0,77%**-ды құрады.


Есептелген инвестициялық кіріс құрылымы:

Атауы	2021жылдың басынан түскен инвестициялық кіріс млрд. теңге
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер	76,13
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	18,18
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	21,16
Басқа активтерді (ҚКП) қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	0
Сыртқы басқарудан түскен кірістер (шығындар)	63,02
Басқа кірістер (шығындар)	0,01
Жиынтығы:	178,50

Зейнетақы активтері порфелінің құрылымы, %




1998-2020 жылдар аралығында инвестициялық кірістілік және жинақталған инфляция, %



2021 жылғы қаңтар айындағы инвестициялық кірістілік және жылдық инфляция, %



Валюталар бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



БЖЗҚ инвестициялық декларациясында белгіленген зейнетақы активтерінің валюталық портфелін мақсатты бөлуге сәйкес жаһандық акцияларға, дамушы елдердің облигацияларына және инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигацияларға индексті инвестициялау үшін мынадай шетелдік басқарушы компаниялар тартылды:


- **Aviva Investors Global Services Limited** дамушы елдер облигацияларының мандаты бойынша;
- **HSBC Global Asset Management (UK) Limited** және **Robeco Institutional Asset Management B.V.** жаһандық акциялар мандаты бойынша;
- **PGIM Limited** и **Principal Global Investors (Europe) Limited** инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша.

Экономика секторлары бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



* –сыртқы басқарудағы активтер, дебиторлық берешек, шоттардағы ақша қаражатының қалдығы және туынды қаржы құралдары

Кредиттік сапа бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %




Халықаралық шәкіл бойынша «AAA»-дан «BBB-» дейінгі бағалы қағаздар/эмитент рейтингісі бар барынша төмен тәуекел деңгейдегі қаржы құралдары инвестициялық портфельдің¹ **85,63%**-ын құрайды.

Халықаралық шәкіл бойынша «BB+»-дан «B-» дейінгі рейтингісі бар қаржы құралдары **11,06%**-ды құрайды, **0,54%**– «B-» төмен.

Ұлттық шәкіл бойынша «kzBB+» рейтингісі бар қаржы құралдары **0,11%**-ды құрайды.

Рейтингтік бағасы жоқ қаржы құралдары **2,67%**-ды құрайды.

Елдер бөлігіндегі шетелдік эмитенттер, %



¹ Сыртқы басқарудағы активтер, шоттардағы қалдық, жолдағы ақша және басқаларды қоспағанда, инвестициялық портфельдегі активтер.

